



Автор: Мангужина Айгуль Кинжибаевна
Предмет: Қазақ тілі
Класс: 5-сынып
Раздел: Су – тіршілік көзі
Тема: Судың қасиеттері

Цели обучения (ссылка на учебную программу):	T1.Тақырыпты тірек сөздер арқылы болжау; T3.Күнделікті тұрмыстық тақырыптарға байланысты жаңа сөздер мен тірек сөздердің мағынасын түсіну
Цели урока:	Барлық оқушылар орындай алады: Тірек сөздерді түсінеді Оқушылардың көпшілігі орындай алады: Тақырыпты болжай алады, жаңа сөздерді қолданады Кейбір оқушылар орындай алады: Күнделікті тұрмыстық тақырыптарға байланысты тірек сөздердің мағынасын түсініп сөйлесе алады
Языковые цели:	Оқушылар орындай алады: Тірек сөздерді тиімді пайдалана алады; Өз көзқарасын білдіреді; Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: тіршілік, ауыз су, тұщы су, су жетіспеушілігі, таза энергия «ПОПС» формуласы • Бірінші сөйлем «Менің ойымша, ... » • Екінші сөйлем «Себебі, мен оны былай түсіндіремін ... » • Үшінші сөйлем «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын ... » • Соңғы сөйлем «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім ... » Диалог құруға / шығарма жазуға арналған пайдалы тіркестер: адам ағзасы, су мөлшері, тіршілік көзі, суды үнемдемеу, табиғаттағы су айналымы, суды ластау Менің болжауымша, мәтіндегі тірек сөздер мыналар:..... Мәтіндегі тірек сөздер деп санаймын. ишара: жарайсың
Ожидаемый результат:	Тіл мен мәдениет; • Көпшілдік; • Өзіне және айналадағы адамдарға құрмет; • Қарым-қатынас мәдениеті; • Жауапты азаматтық позиция; Аталған құндылықтар сабақ тақырыбы арқылы оқушылардың жеке және жұптаса отырып жұмыс жасаулары, сын тұрғысынан ойлай білу, ақпаратты өңдей білу,өзіндік көзқарасын дәлелдей алу дағдылары негізінде жүзеге асады.
Критерии успеха:	Оқушының төменгі жетістігі (ОТЖ): қазақша судың тіршілік көзі екендігін түсінеді, достарымен сөйлеседі. Оқушының орташа жетістігі (ООЖ): тақырыпқа қатысты жаңа сөздерді Сөйлесім барысында тиімді қолдана алады, суды үнемдеу керектігін түсіндіреді. Оқушының жоғарғы жетістігі(ОЖЖ): тақырып аясында өзінің сыныптастарымен сұхбат құрады, мәтін құрайды
Привитие ценностей:	Тіл мен мәдениет; • Көпшілдік; • Өзіне және айналадағы адамдарға құрмет; • Қарым-қатынас мәдениеті; • Жауапты азаматтық позиция; Аталған құндылықтар сабақ тақырыбы арқылы оқушылардың жеке және жұптаса отырып жұмыс жасаулары, сын тұрғысынан ойлай білу, ақпаратты өңдей білу,өзіндік көзқарасын дәлелдей алу дағдылары негізінде жүзеге асады.
Навыки использования ИКТ:	PowerPoint таныстырылымы
Межпредметная связь:	Жаратылыстану
Предыдущие знания:	Лексикалық тараудың алғашқы сабағы

Ход урока

Этапы урока	Запланированная деятельность на уроке	Ресурсы
Начало урока (5 минут)	Қызығушылықты ояту«Аустралия жаңбыры» (Мұғалім өзі бір рет әрекеттерді көрсетеді, содан кейін оқушылар өз беттерімен орындайды) Аустралияда жел көтерілді.(оқушылар екі қолын көтеріп, қолдарын тербетеді) Жаңбыр тамшылады (оқушылар саусақтарының ұштарын соғады) Жаңбыр қатты құйды (оқушылар білегін сабалайды) Бұршақ жауды (оқушылар санын шапалақтайды) Жаңбыр сіркіреді (оқушылар білегін сабалайды, аяқтарын тарсылдатады.) «Көңілді доп» Өткен сабақтардағы сөздерді еске түсіру мақсатында оқушылар шеңбер бойында тұрып, бірінші оқушы бір сөз айтып, допты екінші оқушыға лақтырады. Екінші оқушы сөзден сөз тіркесін құрайды немесе сөйлем құрап айтады. Оқушылар қима суреттерді сәйкестендіру арқылы 2 топқа бөлінеді.	Қима суреттер (Суреттер дидактикалық материалда)

Этапы урока	Запланированная деятельность на уроке	Ресурсы
Середина урока (25 минут)	<p>Мұғалім оқушыларды оқу мақсатымен, сабақ мақсатымен таныстырады.Топтарға топтың ішіндегі рөлдермен таныстырады. Бағалау критерийімен таныстырады. Тыңдалымалды тапсырмасы Сөздікпен жұмыс. Тыңдалым мәтінінде кездесетін жаңа сөздермен жұмыста мұғалім тақтадан әр сөзді мағынасымен және сурет негізінде көрсетеді. Әр оқушыға сөздік таратылады. «Пазл» әдісі 1.Тапсырма Берілген тірек сөздерді суреттермен (кейбір суретке бірнеше тірек сөз сәйкес келеді) сәйкестендіріңіз. Тірек сөздерді қолдана отырып, суретті сипаттау арқылы ауызша шағын мәтін құраңыз.Тірек сөздер: адам ағзасы, су мөлшері, тіршілік көзі, суды үнемдемеу, табиғаттағы су айналымы, суды ластау .</p> <p>ДЖИГСО әдісі 2. Тапсырма . Топтағы оқушылар мәтінді мұқият 2 рет тыңдап, 5 тірек сөз бен сөз тіркестерін анықтап, сөйлем жазыңыз. Олардың көмегімен мәтіннің тақырыбын болжап, постер жасаныз. Адам денесі 70 пайыз судан құралады. Су – бүкіл тіршіліктің көзі. Көптеген аңыз желістеріне қарағанда, көне гректер де, басқа халықтар да суға ерекше құрметпен қарап, оны қорғауға шақырған. Бұның бәрі бекер емес. Ендеше, суда не қасиет бар? Қазақ неге суға неге дем салады? Судың қасиеті көп зерттелді. Ол жайында Пенсильвания университетінің профессоры Рустум Рой: «Су - өмір мәнісі. Ол өте жұмсақ болғанымен қоймай, өте икемделгіш қасиетке ие. Тіпті ол ең қатты деген жартастардың өзін тамшылап тұрып-ақ тесіп шығады» дейді. Расында да, су өте биік деген ағаштардың ұшар басына дейін көтеріле алады. Суда есте сақтау қасиеті бар. Оның бүгінгі күнгі ғалымдар дәлелдеп отыр. Ол өзіне денесі тиген заттың не екенін біле қояды. Су түрлі пішінге ене алады: қатты да бола алады, сұйық та бола алады, газ түрінде де бола алады, бір түрден екінші түрге ауыса береді. Бір түрден екінші түрге ауысу кезінде су тазарып отырады. Булану барысында су химиялық әрі физикалық тұрғыдан тазарады. Оны қатырғанда яки еріткенде ол жағымды құрылымды иеленеді. Судың тұрақты химиялық құрамы H2O. 1472 жылы аббат Карл Гастингстинг жалған айыпталып, түрмеге қамалды. Оған күніге бір тілім қатқан нан мен бір кесе борсыған су берілетін. Арадан бір айдан аса уақыт өткенде әлсіреудің орнына тұтқынның күш-қуат жинай бастағаны байқалды. Түрме басшылары Карлды қинағанда, ол әр әкелген сайын суға дұға оқып, осындай қиындықтар берген Құдайға шүкір етіп барып сол судан ішкенін мойындаған. Ол дұға оқығанда судың дәмі де, иісі де өзгеріп сала берген. Бағалау критерий Дескрипторлар Балл Тірек сөздерді түсінеді,олар арқылы болжай алады Сөздер мен суреттерді сәйкестіре алады 1 Сөз тіркестерден сөйлем құрастыра алады 1 Сурет арқылы сұрақ құрастырады,жауап береді 2 Сұрақ құрастыра біледі,жауап бере алады 2 Күнделікті қатысты сөздермен өмірлік жағдаятта еркін қолдана біледі. Постер қорғай алады 3 топтың ішінде Жұптасып телефон арқылы сөйлесе алады 3 Барлығы 10 Сергіту сәті 3. тапсырма. Жұппен жұмыс Мақсаты: Идеялар мен ойларды дамытудың құрылымдалған әдісі. Мақсаты: Идеялар мен ойларды дамытудың құрылымдалған әдісі. Қалыптастырушы бағалау Жұптағы оқушылар бір-бірін «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі бойынша қалыптастырады «Алма ағашы» әдісі арқылы оқушылар орынаған тапсырмаларын өздері кері байланыс арқылы бағалайды.</p>	<p>Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар жинағы 41 бет https://bilimland.kz/courses/podgotovka-k-shkole-vpered-malysh/detskie-pesni-na-kazaxskom-yazyke/lesson/kongil-kuy-kakoe-u-tebya-nastroenie «Ойлан,жұптас,бөліс» әдіс Таратпа парақшалар</p>
Конец урока (5 минут)	<p>«ПОПС» формуласы • Бірінші сөйлем «Менің ойымша, ... » • Екінші сөйлем «Себебі, мен оны былай түсіндіремін ... » • Үшінші сөйлем «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын ... » • Соңғы сөйлем «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім ... »</p>	Таратпа парақшалар
Рефлексия (5 минут)	<p>Рефлексия «Бағдаршам» Қызыл – түсініксіз әлі дайындығым аз Сары – толық түсінбедім Жасыл – жақсы түсіндім Үйге тапсырма</p>	